

**"Жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккен тұлғалар туралы" № ЖКО-1 есебінің нысанын және "Жол-көлік оқиғасын есепке алу карточкасы" № ЖКО-1, сондай-ақ "Жол-көлік оқиғасы нәтижесінен зардап шеккен тұлғаға арналған карточка" № ЖКО-2 карточкаларының нысандарын және оларды толтыру Нұсқаулығын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 27, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 8 сәуірдегі N 155 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 12 сәуірдегі N 185 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 11 мамырда № 6942 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2012 жылғы 29 маусымдағы № 78, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 28 маусымдағы № 378 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 28 маусымдағы № 438 Бірлескен бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 29.06.2012 № 78, ҚР Ішкі істер министрінің 28.06.2012 № 378 және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.06.2012 № 438 бірлескен бұйрығымен.**

Көрсеткіштерді есепке алудың бірыңғай мемлекеттік жүйесінің әрекет етуін жалпы регламентациялау, есепке алу мәліметтерін пайдалану және жол қауіпсіздігі саласындағы есептік деректерді қалыптастыру мақсатында,  
**Б Ұ Й Ы Р А М Ы З :**

1 . Б е к і т і л с і н :

1) «Жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккен тұлғалар туралы» № ЖКО-1 есебінің нысаны осы бұйрыққа қоса берілетін 1-қосымшаға сәйкес;

2) «Жол-көлік оқиғасын есепке алу карточкасы» № ЖКО-1, сондай-ақ «Жол-көлік оқиғасы нәтижесінен зардап шеккен тұлғаға арналған карточка» № ЖКО-2 қарточкаларының нысандары осы бұйрыққа қоса берілетін 2 және 3-қосымшаларға сәйкес;

3) «Жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккен тұлғалар туралы» № ЖКО-1 есебінің нысанын және «Жол-көлік оқиғасын есепке алу карточкасы» № ЖКО-1, сондай-ақ «Жол-көлік оқиғасы нәтижесінен зардап шеккен тұлғаға арналған карточка» № ЖКО-2 қарточкаларының нысандарын толтыру бойынша Нұсқаулық осы бұйрыққа қоса берілетін 4-қосымшаға сәйкес.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика



|                            |    |  |  |  |  |  |  |  |  |
|----------------------------|----|--|--|--|--|--|--|--|--|
| Ақтөбе облысы              | 1  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Алматы қаласы              | 2  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Алматы облысы              | 3  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Ақмола облысы              | 4  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Астана қаласы              | 5  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Атырау облысы              | 6  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Шығыс Қазақстан облысы     | 7  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Жамбыл облысы              | 8  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Батыс Қазақстан облысы     | 9  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Қарағанды облысы           | 10 |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Қостанай облысы            | 11 |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Қызылорда облысы           | 12 |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Маңғыстау облысы           | 13 |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Павлодар облысы            | 14 |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Солтүстік Қазақстан облысы | 15 |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Оңтүстік Қазақстан облысы  | 16 |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Барлығы                    | 17 |  |  |  |  |  |  |  |  |

Қазақстан Республикасы

Бас Прокурорының

6 сәуір 2011 жылғы № 27,

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің

8 сәуір 2011 жылғы № 155

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрінің

12 сәуір 2011 жылғы № 185





|  |  |  |  |
|--|--|--|--|
|  |  |  |  |
|  |  |  |  |
|  |  |  |  |
|  |  |  |  |
|  |  |  |  |
|  |  |  |  |
|  |  |  |  |
|  |  |  |  |
|  |  |  |  |
|  |  |  |  |
|  |  |  |  |
|  |  |  |  |
|  |  |  |  |
|  |  |  |  |
|  |  |  |  |
|  |  |  |  |
|  |  |  |  |
|  |  |  |  |
|  |  |  |  |
|  |  |  |  |

10. Ер адам (1), әйел адам (2)

11. Туған күні 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

12. Азаматтығы: Қазақстан Республикасының азаматы (1), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің азаматы (2) шетел азаматы (3), азаматтығы жоқ тұлға (4)

13. Жасы: 14 жасқа дейін (1), 14-17 жас (2), 18-20 жас (3), 21-29 жас (4), 30-39 жас (5), 40-49 жас (6), 50-59 жас (7)

60 жаста және одан да жоғары (8)

14. ЖКО жасаған тұлға: КҚ санатына сәйкес келетін жүргізуші құқығы бар (1), жүргізуші құқығынан айыру (2) жүргізуші құқығы жоқ (3), ЖКО болған жерден жасырынған (4), жүргінші (5), велосипедші немесе тасушы (6)

15. Карточканы толтырған ЖПБ қызметкерінің аты-жөні, лауазымы, қолы \_\_\_\_\_

16. Медициналық ұйымға жыртылмалы талонды тапсырған күні 20\_\_жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

17. Медициналық ұйымның атауы \_\_\_\_\_

18. Зардап шеккен тұлғаның медициналық ұйымға түскен күні 20\_\_жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

19. Жыртылмалы талонды қабылдаған медицина қызметкерінің аты-жөні, лауазымы және қолы \_\_\_\_\_

20. Карточканы қабылдаған ҚСЖАЕКБ қызметкерінің аты-жөні, лауазымы және қолы \_\_\_\_\_

## ЖЫРТЫЛМАЛЫ ТАЛОН

**(медициналық ұйымдардың ҚСЖАЕКБ деректер банкін одан әрі толықтыру үшін медициналық қызметкерлері толтыру үшін)**

1. Карточка нөмірі /\_\_ / \_\_ / \_\_ / \_\_ / \_\_ / \_\_ / \_\_ / \_\_ / \_\_ / \_\_ / \_\_ / \_\_ / \_\_ / \_\_ / \_\_ / \_\_ / \_\_ / \_\_

2. Жыртылмалы талонды берген ЖПБ қызметкерінің аты-жөні, лауазымы және қолы \_\_\_\_\_

3. ЖКО салдарынан жарақаттанған (1), қаза болғанның (2) аты-жөні: \_\_\_\_\_

4. Зардап шеккен тұлғаның медициналық ұйымға түскен күні 20\_\_жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

5. Зардап шеккен тұлғаның диагнозы (немесе қаза болу себебі) \_\_\_\_\_

6. Жыртылмалы талонды толтыратын медициналық ұйымның атауы \_\_\_\_\_
7. Медициналық ұйымның мөрі соғылған талонды толтырған медициналық қызметкердің аты-жөні, лауазымы және қолы \_\_\_\_\_
8. Карточканы қабылдаған ҚСЖАЕБ қызметкерінің аты-жөні, лауазымы және қол \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2011 жылғы 6 сәуірдегі № 27,  
Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер Министрінің  
2011 жылғы 8 сәуірдегі  
№ 155 және  
Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау Министрінің  
2011 жылғы 12 сәуірдегі  
№ 185 бірлескен бұйрықтарына  
4-қосымша

**«Жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккен тұлғалар туралы» ЖКО-1  
нысанын қалыптастыру және «Жол-көлік оқиғасын есепке алу  
карточкасы» № ЖКО-1, «Жол-көлік оқиғасы нәтижесінен зардап шеккен  
тұлғаға арналған карточка» № ЖКО-2 карточкаларын  
толтыру бойынша  
Нұсқаулық**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық авария және жол-көлік жарақаты, адам өлімі көрсеткіштерін есепке алуды бейнелейтін «Жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккен тұлғалар туралы» № ЖКО-1 есептің (одан әрі - есеп) нысанын қалыптастыру, «Жол-көлік оқиғасын есепке алу карточкасы» № ЖКО-1 карточкасын» және «Жол-көлік оқиғасы нәтижесінен зардап шеккен тұлғаға арналған карточка» № ЖКО-2» карточкасын (одан әрі - АЕҚ) толтыру үшін берілген.

2. Бұл жұмыс авария, жол-көлік жарақаты, адам өлімі фактілері құжаттамалық түрде рәсімделгеннен кейін ескеріледі.

3. Жол-көлік оқиғасы (одан әрі - ЖКО) - бұл жол бойында көлік құралының (

одан әрі - КҚ) қозғалысы процессінде және соның қатысуымен пайда болған, нәтижесінде адамдар қаза болған немесе жарақаттанған, көліктер мен жүктер қираған немесе өзге де материалды залал келтірілген оқиға.

4. Қаза болған тұлға - ЖКО болған жерде алынған жарақаттардан қаза болған немесе оқиға болған сәттен бастап өлімі отыз тәулік ішінде құжаттамалық нақтыланған және жол-көлік оқиғасы арасындағы себеп-салдар байланысында қ а з а б о л ғ а н т ұ л ғ а .

5. Жарақаттанған - оқиға салдарынан жұмысқа жарамсыз болып табылатын немесе ауруханаға жатқызылатын, не болмаса бірінші жедел жәрдем көрсетілгеннен кейін, кем дегенде бір күн амбулаторлық ем қабылдау тағайындалған дене жарақатын алған тұлға.

6. Басқа уәкілетті органдар - Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскер комитеті әскери полициясының автокөлік инспекциясы органдарының бөлімшелері болып табылады.

7. Есептілікке адамдардың қаза болуы мен жарақаттануын (дене жарақаттары ) туғызған жол-көлік оқиғалары туралы мәліметтер ғана енгізіледі.

8. Есептілікке келесі мәліметтер енгізілмейді: кәсіпорындардың, ұйымдардың, аэродромдар, әскери бөлімдер және басқа да объектілердің қоршалған және қорғалған аумағында;

КҚ-ның қозғалуына арналмаған іргелес аумақтарда (алаңдар, тұрғын-үй массивтері, автотұрақтар, автоқұйғыштар, гараждар);

автомобильдік немесе мотоциклдік іс-шаралар өткізу кезінде (жарыстар, турнирлер) көрермендер, қатысушылар және спорт іс-шараларына қызмет көрсету персоналы зардап шеккен жағдайда;

көлік құралдарымен адамдарды немесе жүктерді тасымалдауға жатпайтын технологиялық өндірістік операциялар өткізген кезде (оржолды салу, ауылшаруашылық жұмыстар өндірісі, ағаш дайындау, жүк тиеу-түсіру жұмыстары, мачталарды, тіреуішті орнату);

т а б и ғ и а п а т к е з і н д е ;

қауіпсіздік техникасын және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзған кезде (қозғалғыштың қосылуы, көлік құралдарын, механизмдерді, жабдықтарды і л е с т і р у - а ғ ы т у к е з і н д е ) ;

өзіне-өзі қол жұмсау немесе есі дұрыс емес жағдайда жасалған әрекеттер к е з і н д е ;

азаматтардың өмірі мен денсаулығына қасақана қол сұғу немесе мүліктік залал келтіруге бағытталған әрекеттер кезінде;

жолдан тыс жағдайларда жасалған ЖКО туралы.

9. ЖКО, олардың салдарларын, соның ішінде оларды жасау нәтижесіндегі



материалды залалдарды аумақтық ішкі істер органдарының жол полициясы бөлімшелері (одан әрі - ЖПБ) есепке алады.

10. Медициналық ұйымдар (мекемелер) меншік түріне қарамастан, мәліметтерді есепке алып:

ЖКО нәтижесінде жарақат алғандар, ЖКО болған орын немесе тұрғылықты орны бойынша жүгінгендер немесе медициналық көмек көрсету үшін жолданған тұлғалар және медициналық көмек үшін басқа медициналық ұйымдарға жолданған тұлғалар туралы;

ЖКО сәтінен бастап «қаза болған» түсінігінде белгіленген мерзім ішінде қаза болған тұлғалар туралы ЖПБ-на дереу жазбаша немесе телефонограммамен хабарлайды.

11. Авария және жол-көлік жарақаттары, адам өлімі көрсеткіштерін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (одан әрі - ҚСЖАЕК) және оның аумақтық органдарымен (одан әрі - ҚСЖАЕБ), аудандық және оларға теңестірілген прокуратураларда орналасқан ҚСЖАЕБ-ның топтары есепке алады.

АЕК кез келген деректемесі бойынша есепті іздей және қалыптастыра отырып, республикалық деректер мен есептерге қашықтан қатынау арқылы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық қамтамасыз етуін ҚСЖАЕК жүзеге асырады.

12. ҚСЖАЕБ АЕК құрудың толықтығы мен дұрыстығына, оларда бейнеленетін ақпараттардың дұрыстығына, уақытында ұсынылуына бақылауды жүргізеді.

13. ҚСЖАЕК мүдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып, АЕК әзірлейді және бірыңғай нысанын енгізеді.

## **2. Жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккен тұлғалар туралы» ЖКО-1 есеп нысанын қалыптастыру және «Жол-көлік оқиғасын есепке алу карточкасы» № ЖКО-1, сондай-ақ «Жол-көлік оқиғасы нәтижесінен зардап шеккен тұлғаға арналған карточка» № ЖКО-2 карточкаларын толтыру**

14. «Жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккен тұлғалар туралы» ЖКО-1 есептің нысанының қалыптасуы «Жол-көлік оқиғасын есепке алу карточкасы» № ЖКО-1 (бұдан әрі - № ЖКО-1 АЕК) және «Жол-көлік оқиғасы нәтижесінен зардап шеккен тұлғаға арналған карточка» № ЖКО-2 карточкалары (бұдан әрі - № ЖКО-2 АЕК) негізінде жүзеге асырылады.

15. Әрбір ЖКО-ға арналып № ЖКО-1 АЕК толтырылады және ЖКО-дан

зардап шеккен әр тұлғаға № ЖКО-2 АЕҚ толтырылады.

16. АЕҚ қатаң түрде ЖКО материалдарына сәйкес толтырылады және ЖКО болғаннан кейін 3 күн мерзім ішінде есептілікті қалыптастыратын ЖПБ қызметкері, ал қажет жағдайда, басқа да уәкілетті органдар өкілдерінің қатысуымен, аудандық және оларға теңестірілген прокуратураларда орналасқан ҚСЖАЕБ аумақтық топтарына ұсынады. Медициналық ұйымдар АЕҚ-ты ҚСЖАЕБ аумақтық топтарына ЖКО болған сәттен бастап 7 күн ішінде ұсынады. ҚСЖАЕБ топтары қабылданған АЕҚ-ның негізінде олардың тіркелуін, автоматтандырылған өңделуін және авария, сондай-ақ, жол-көлік жарақаты көрсеткіштерінің қалыптасуын қамтамасыз етеді.

17. ЖПБ-нда жауапты қызметкерлер АЕҚ-ын қағаз жүзінде түсінікті етіп, шимайлаусыз және түзетулерсіз, баспа әріптерімен, көк немесе қара сиямен, қолмен немесе компьютер арқылы толтырады.

Ескерту: АЕҚ-ны электронды түрде ҚСЖАЕК-не жолдаған кезде ЖПБ-да түпнұсқалары 1 жыл сақталады.

18. ҚСЖАЕК АЕҚ-ның негізінде келіп түсетін мәліметтерді ҚСЖАЕК «Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе» (ББСЖ) (бұдан әрі - ББСЖ АДБ) автоматтандырылған деректер банкіне олардың келіп түскен сәтінен электрондық режимде 24 сағаттан кешіктірмей жолдау арқылы жергілікті ақпараттық деректер базасын қалыптастырады.

19. АЕҚ қамтылған ақпараттардың толықтығы мен дұрыстығын АЕҚ толтырған қызметкер және АЕҚ қол қойған ЖПБ-ның лауазымды тұлғасы қамтамасыз етеді.

20. АЕҚ ББСЖ АДБ-не уақытында енгізуін ҚСЖАЕБ-ның тиісті қызметкері қамтамасыз етеді.

### **3. № ЖКО-1 АЕҚ толтыру**

21. № ЖКО-1 АЕҚ-ның деректемелері келесідей толтырылады:

1-деректемеде бірінші жұп болып - карточканы толтырған жыл, екінші жұбы - облыстар, Астана, Алматы қалаларының коды, үшінші - ауданның немесе қаланың коды, төртінші - ведомство коды, тоғызыншы санда - резервті нөмір және соңғы сандармен (5 белгі) ЖПБ-ның ЖКО есепке алу журналында тіркелген карточканың реттік нөмірі белгіленеді және ол сандық түрде толтырылады;

2-деректемеде карточканың ҚСЖАЕБ келіп түскен күні көрсетіледі;

3-деректемеде ЖПБ-ның ақпараттарды есепке алу Журналына (1), Әліпбилік журналға (2), кіріс хат-хабарларды есепке алу журналына (3), басқа да көздер (4) тиісті кодировканы белгілей отырып, басқа мәліметтердің бастапқы тіркелуі

туралы ақпарат белгіленеді;

4-деректемеде ЖКО-ның болған тәулік (санмен көрсетіледі: бірінші сан - 01, он бесінші - 15, айы - 01-қаңтар, 12 - желтоқсан, жылы - 2010 ж.) көрсетіледі;

5-деректемеде ЖКО болған тәулік уақыты (санмен көрсетіледі және 00 сағаттан 23 сағатқа дейін жүргізіледі);

6-деректемеде ауыл-аймақта (1) немесе жолда (2) болған ЖКО тиісті коды қойылған мәтінде жазылады, жолда болған ЖКО орны (ауыл-аймақ аумағы бойынша өтілетін жолдарды қоспағанда ЖКО жолда болған кезде толтырылады);

7-деректемеде ЖКО пайда болуына әсер еткен жолдың жағдайы көрсетіледі: жолдың түрі: дымқыл (1), қар басқан (2), мұз қатқан (3), жолды жөндеу кезінде (4), жарықтығы: күндіз (6), ақшам уақыт (7), қараңғы уақытта сырттағы жарық: қосылған (8), қосылмаған (9), жарық жоқ (10), көше, жол элементтері: (көпір ( жол өтпесі (11), көпір (виадук) (12), эстакада (13), қоғамдық көліктердің тоқтайтын аймағы (14), жаяу жүргіншілерге арналған жол (15), реттелетін көше қиылысы (16), реттелмейтін көше қиылысы (17), шлагбаум қойылған темір жол өткелі (18), шлагбаум қойылмаған теміржол өткелі) (19), 3 метр биіктіктегі үйінді ( 2 0 ) ;

8-деректемеде ЖКО түрі тиісті кодировка арқылы көрсетіледі: соқтығысу (1), аударылу (2), тоқтап тұрған КҚ қағып өту (3), кедергілерді қағып өту (4), жаяу жүргіншіні қағып өту (5), велосипед жүргізушісін қағып өту (6), жегін көлікті қағып өту (7), жануарды қағып өту (8);

9-деректемеде Жол қозғалысы ережесін одан әрі - (ЖҚЕ) бұзудың түрлері: көлікті мас күйінде жүргізу (1), ЖҚЕ немесе жол белгілерімен белгіленген жылдамдықтан асыру, реттеу белгі берулеріне бағынбау (2), реттеу белгі берулеріне бағынбау, жол белгілері мен белгі қою талаптарын сақтамау (3), адам тасымалдау (4), маневр жасау (5), жаяу жүргіншілер жолымен жүріп өту (6), қоғамдық көліктердің тоқтайтын тұрақтарынан өту (7), жарық беру құралдарын қолдану (8), жүру кезінде артықшылық құқықтары берілген КҚ кедергісіз жүруіне (9), КҚ тоқтауына және тұрағы (10), теміржол өткелдерінен өту (11), жүк тасымалдау (12), буксирлеу (13), қарама-қарсы жол қозғалысы сызығына шығу (14), басып озу ережесін бұзу (15), жүру кезектілігін сақтамау, жол қиылыстарынан өту ережелерін бұзу (16), ара-қашықтықты сақтамау (17), жөндеу жұмыстары жүргізілмеген пайдалануға тыйым салынған КҚ-мен жүру (18), шаршаған күйде, жол жүру үстінде ұйқыға кету (19), жүргізушілер, велосипедшілер, тасушылардың басқа да бұзушылықтары (20), белгіленбеген орында жаяу жүргіншінің жолдан өтуі (81), жол жүретін бөліктегі ойын (84), ересек адамның жетегінсіз жолдан өткен 7 жасқа дейінгі жолаушы (85), жаяу жүргіншілермен ЖҚЕ бұзудың басқа да түрлері (87) тиісті кодировкамен белгіленеді ;

10-деректемеде ЖКО-нда болған көліктердің саны көрсетіледі;

11-деректемеде рульдік басқарудың санаты мен орналасуы (оң жақта, сол жақта), мемлекеттік нөмірі, маркасы мен моделі, жүргізушінің аты-жөні, жүргізу куәлігінің нөмірі және жолаушылар саны көрсетіледі (көліктің санаты, маркасы, моделі және мемлекеттік нөмірі олардың кодификаторына сәйкес толтырылады және мәтінмен жазылады). Егер ЖКО қатысқан көліктердің саны көп болса, онда АЕҚ-ның артқы жағына қағаз жүзінде қалған КҚ-на ұқсас мәліметтер т о л т ы р ы л а д ы ;

12-деректеме ЖКО фабуласын қамтиды, мұнда авариялық жағдайдың қысқаша сипаттамасы көліктің маневрленуі және ЖКО пайда болуын туғызған жол қозғалысына қатысушылардың әрекеттері коса көрсетіледі;

13-деректемеде осындай түрлердің біріне сәйкес келетін сандық кодпен толтырылатын жарақаттанғандар (1) мен қаза болғандардың (2) саны көрсетіледі;

14-деректемеде ЖКО-на кінәлі қатысушысы көрсетіледі: КҚ тиісті санаты бойынша жүргізуші құқығы бар (1), жүргізуші құқығынан айырылған (2), жүргізуші құқығы жоқ (3), ЖҚО орнынан жасырынған (4), жаяу жүргінші (5), велосипедші немесе тасушы (6).

карточканы толтырған ЖПБ-ның тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы мен қолы 15-деректемеде көрсетіледі;

ҚСЖАЕБ карточканы қабылдаған қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы мен қолы 16-деректемеде көрсетіледі.

#### **4. № ЖКО-2 АЕҚ толтыру**

22. № ЖКО-2 АЕҚ екі бөлімнен тұрады: тұлғаға арналған карточка мен жыртылмалы талон және олар келесі түрде толтырылады:

1-деректемеде бірінші жұп болып - карточканың толтырылған жылы, екінші жұбы - облыстар, Астана, Алматы қалаларының коды, үшіншісі - ауданның немесе қаланың коды, төртінші - ведомство коды, тоғызыншы санда - резервті нөмір және соңғы сандармен (5 белгі) ЖПБ-ның ЖКО-ын есепке алу журналында тіркелген карточканың реттік нөмірі белгіленеді және ол сандық т ү р д е т о л т ы р ы л а д ы ;

2-деректемеде карточканың ҚСЖАЕБ келіп түскен күні көрсетіледі;

3-деректемеде ЖКО-ның болған күні (санмен көрсетіледі: бірінші сан-01, он бесінші- 15 және т.б., айы- 01-қаңтар, 12- желтоқсан, жылы - 2010 ж., және т.б., ЖКО болған тәулік санмен көрсетіледі және 00 сағаттан 23 сағатқа дейін жү р г і з і л е д і ) ;

4-деректемеде зардап шеккен тұлға отырған көліктің реттік нөмірі көрсетіледі (№ ЖКО-1 карточкасы 11-тармақта көрсетілген КҚ нөмірленуіне сәйкес, жол

қозғалысының жолаушылары мен басқа да қатысушыларына «0» қойылады);

5-деректемеде ЖКО зардап шеккен тұлға туралы мәліметтер қамтылады: жүргінші (1), жүргізуші (2), жолаушы (3), велосипедші (4) және қатысушының түрлерінің біріне сәйкес келетін санды коды бар тасушы (5);

6-деректемеде тұлға туралы мәліметтер қамтылады: сау күйінде (1), алкогольдік мае күйінде (2), түрлердің біріне сәйкес келетін сандық кодпен есірткі (3) және токсикомандық (4) масаңдану күйінде;

7-деректемеде қауіпсіздік белбеуі туралы мәліметтер көрсетіледі: тағылған (1) немесе тағылмаған (3); шлем: тиісті сандық кодпен киген (2) немесе кимеген (4) ;

8-деректеме ЖКО зардап шеккен туралы мәліметтерді қамтиды: жарақаттанғандары (1), тиісті кодпен ЖКО-нан қаза болғандары (2);

9-деректеме тұлға туралы мәліметтерді қамтиды: ЖКО-нан зардап шеккендердің тегі, аты және әкесінің аты;

10-деректемеде жынысы тиісті мәнде көрсетіледі: 1 - ер адам, 2 - әйел адам;

11-деректемеде зардап шеккеннің туған жылы, айы, күні көрсетіледі;

12-деректемеде тиісті кодировка жолымен зардап шеккеннің азаматтығы туралы ақпараттар көрсетіледі: Қазақстан Республикасының азаматы (1), Тәуелсіз Мемлекеттер Достығы елдерінің азаматы (2), шетел азаматы (3), а з а м а т т ы ғ ы ж о қ т ұ л ғ а (4) ;

13-деректемеде тиісті кодировка жолымен зардап шеккеннің жасы көрсетіледі: 14 жасқа дейін (1), 14-17 жас (2), 18-20 жас (3), 21- 29 жас (4), 30-39 жас (5), 40-49 жас (6), 50-59 жас (7), 60 жаста және одан да жоғары (8);

14-деректемеде ЖКО жасаған тұлға туралы мәліметтер көрсетіледі: КҚ санатына сәйкес келетін жүргізу құқығы бар (1), жүргізу құқығынан айырылған (2), жүргізу құқығы жоқ (3), ЖКО болған жерден жасырынған (4), жаяу жүргінші (5), тиісті кодировкамен велосипед жүргізушісі (6) және тасушы (7);

карточканы толтырған ЖГТБ қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты 15-деректемеде көрсетіледі ;

16-деректемеде жыртылмалы талонды медициналық ұйымға тапсырған күні көрсетіледі ;

17-деректемеде медициналық ұйымның атауы көрсетіледі;

18-деректемеде зардап шеккеннің медициналық ұйымға келіп түскен күні белгіленеді ;

жыртылмалы талонды қабылдаған медициналық ұйым қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы және қолы 19-деректемеде көрсетіледі;

карточканы қабылдаған ҚСЖАЕБ қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы және қолы 20-деректемеде көрсетіледі.

23. Жыртылмалы талонды ЖПБ медициналық ұйымға береді және

медициналық қызметкер ҚСЖАЕБ деректер банкісін одан әрі толықтырылу үшін  
т о л т ы р а д ы :

ЖКО болған жерде қаза болған тұлғаға - фактінің анықталған сәтінен бастап  
2 4 с а ғ а т і ш і н д е ;

ЖКО жарақат алып, ауруханаға орналастырылған тұлғаға - зардап шеккен  
адамды ауруханаға орналастырған сәттен бастап 7 тәуліктен кешіктірмей.

24. Толтырылғаннан кейін жыртылмалы талон ЖКО болған сәттен бастап 7  
күн ішінде қағаз жүзінде немесе электронды жеткізуші арқылы мәліметтерді  
автоматтандырылған деректер банкіне енгізу үшін ҚСЖАЕБ топтарына  
ж о л д а н а д ы .

Ескерту: жыртылмалы талонды ҚСЖАЕБ-на электронды түрде жолдаған  
кезде түпнұсқалары ЖПБ 1 жыл мерзім ішінде сақталады.

25. Жыртылмалы талонның деректемелері келесідей толтырылады: 1-  
деректемеде бірінші жұп болып - карточканы толтырған жыл, екінші жұбы -  
облыстар, Астана, Алматы қалаларының коды, үшінші - ауданның немесе  
қаланың коды, төртінші - ведомство коды, тоғызыншы санда - резервті нөмір  
және соңғы сандармен (5 белгі) ЖПБ-ның ЖКО-ын есепке алу журналында  
тіркелген карточканың реттік нөмірі белгіленеді және ол сандық түрде  
т о л т ы р ы л а д ы ;

карточканы толтырған ЖПБ қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты 2-  
д е р е к т е м е д е к ө р с е т і л е д і ;

ЖКО жарақат алған (1) және қаза болған тұлғаның (2) тегі, аты, әкесінің аты  
тиісті кодировкамен 3-деректемеде к ө р с е т і л е д і ;

4-деректемеде зардап шеккеннің медициналық ұйымға келіп түскен күні  
к ө р с е т і л е д і ;

5-деректемеде зардап шеккен тұлғаның диагнозы немесе қаза болу себебі  
көрсетіледі (зардап шеккен тұлғаның жарақатының сипаты, алынған жарақат  
салдарынан қаза болған жағдайда, жарақаттың түрі көрсетіледі, сонымен қатар  
бастапқы медициналық құжаттаманың № 106/у-03 «Өлім туралы дәрігерлік  
куәлік» есепке алу нысанына сәйкес, оқиға болған сәттен бастап қаза болу  
мерзімін есептегенде, ЖКО нәтижесінде алынған зардап);

6-деректемеде жыртылмалы талонды толтыратын медициналық ұйымның  
а т а у ы к ө р с е т і л е д і ;

медициналық ұйымның мөрі басылған талонды толтырған медициналық  
қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы және қолы 7-деректемеде  
к ө р с е т і л е д і ;

карточканы қабылдаған ҚСЖАЕБ қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты,  
лауазымы және қолы 8-деректемеде к ө р с е т і л е д і .

26. Электронды АЕҚ-на жыртылмалы талонның мәліметтерін ҚСЖАЕБ қызметкері енгізеді.

## **5. № ЖКО-1 АЕҚ және ЖКО-2 АЕҚ жүргізу және есепке алу**

27. ЖПБ жол-көлік оқиғасы болғаннан кейін, 3 тәулік ішінде жыртылмалы талоннан басқа АЕҚ-ын электронды тәртіпте ББСЖ АДБ-не жолдайды.

28. ЖПБ-сы ЖКО салдарынан жарақат алған және қаза болған тұлғалар туралы мәліметтерді медициналық мекемелермен (келісу бойынша) нысан бойынша салыстыру актісін құрай отырып, ай сайын салыстыру жүргізуді ұйымдастырады;

29. Медициналық мекемелердің салыстыру жүргізу тәртібін ішкі істер және денсаулық сақтау министрліктері белгілейді.

30. АЕҚ-ға ЖПБ-ның лауазымды тұлғасы қол қойғаннан кейін өзгертулер енгізуге тыйым салынады.

31. Егер АЕҚ және ББСЖ деректемелеріне түзету енгізу қажет болса, ЖПБ бір айдан кешіктірмей, ҚСЖАЕБ келесі негіздер бойынша тиісті АЕҚ-на өзгерістер енгізу туралы тиісті сауалды жолдайды: ЖПБ қателік табылған күннен; мониторинг нәтижесі бойынша ҚСЖАЕБ ақпараты бойынша; егер жарақаттанған тұлға қаза болғандар санатына ауыстырылса; медициналық ұйымдар салыстырған кезде жарақаттанғандар қосымша анықталғанда және ЖКО болған жерден жасырынған тұлғаларды анықтаған жағдайда.

32. Егер осы түзету салдарынан бұрынғы есептік кезеңдерде бұрмалаушылықтар пайда болған жағдайда, ҚСЖАЕБ есептілікке түзетулер енгізу туралы қажетті құжаттар 24 сағаттан кешіктірілмей ҚСЖАЕБ-не жолданады.

## **6. Есепті құрастыру**

33. Есеп 1 бөлімнен тұрады және АЕҚ негізінде қалыптастырылады, деректемелері оның көрсеткіштерімен бірегей болып келеді және адамдардың жарақаттануын немесе қаза болуын туындатқан ЖКО туралы төмендегідей ақпаратты бейнелейді:

А жолында атауы және Б жолында аймақтардың кодтары бейнеленеді;

1-жолда барлық ЖКО саны, сонымен қатар 2-жолда ЖКО нәтижесінде зардап шеккен тұлғалар саны ескеріледі;

3-жолда жарақаттанғандардың жалпы саны көрсетіледі, солардың ішінде 4-жолда ауруханаға орналастырылғандар, 5-ер адамдар, 6-әйел адамдар, 7-

кәмелетке толмағандар көрсетіледі;  
8-жолда қаза болғандардың жалпы саны көрсетіледі, солардың ішінен 9, 10, 11 жолдарда ер адамдардың, әйел адамдардың және кәмелетке толмағандардың саны бейнеленеді.

## **7. Есептерді ұсыну мерзімдері**

34. Есеп ай сайын өсу қорытындысымен құрастырылып, ҚСЖАЕБ және уәкілетті орган бастықтары қол қойғаннан кейін ҚСЖАЕК-не келесі есептік кезеңдегі айдың 3 күні ұсынылады.

35. ҚСЖАЕК Республика бойынша жинақталған есепті құрайды, оған ҚСЖАЕК Төрағасы немесе оны ауыстыратын лауазымды тұлға қол қояды және сол жинақталған есеп келесі есептік кезеңдегі айдың 8 күні Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына ұсынады, сонымен қатар Қазақстан Республикасы ішкі істер және денсаулық сақтау министрліктеріне жолдайды.